

«МАҚСАТ» ЖШС-ДЕГІ СИЫРЛАРДЫҢ ШУЫ ТҮСПЕЙ ҚАЛУЫНА АМНИСТРОН ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕМДІК ТИІМДІЛІГІ

К. Е. Мурзабаев, вет. ғылымдарының кандидаты, Б. О. Ертлеуова

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Малдан төлдің кем алынуына ең басты себеп, олардың жыныс мүшелеріндегі түрлі патологиялардан көбею қызметінің тежелуі десек, шу түсуінің кешеуілдеуі осыларға негіз болады. Шу түсуінің кешеуілдеуіне малдың буаздық кезеңіндегі күтімі мен азықтандырылуындағы кемшіліктер себепші болады. Осы орайда, тәжірибе жүзінде қолданған амнистрон препаратының тиімділігі анықталды. Амнистрон препаратының емдеу тиімділігі 100 %-ды құрады.

Вследствие патологических процессов и торможения функции половых органов, возможно неполноценное развитие плода. Причиной выпадения последа является погрешности кормления и содержания животных во время беременности. В результате наших исследований была установлена эффективность гормонального препарата амнистрона. Лечебное эффективность препарата составляет 100 %.

The result of pathological process and braking of function of privy parts, the inferior fetation is possible. Reason of fall of afterbirth is the error of maintenance of zoons during pregnancy and feeding. Thus, from our research the efficiency of preparation of amnistrona was determined. The efficiency of preparation is 100 %.

Ауыл шаруашылығының басты бағыттарының біріне агроөнеркәсіптік интеграциясымен шаруашылық аралық кооперация негізінде бірте-бірте мамандану мен шоғырлану жатады. Шаруашылықта косалқы өнім өндіру мен шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу бойынша, сондай-ақ құрылыс материалдарына және халықтың тұтыну тауарларына қажеттілігін қанағаттандыруды, ең бастысы жергілікті шикізат пен өндіріс қалдықтарынан дайындауды қамтамасыз ету ең маңыздысы. Бұл саланың одан әрі дамуын қамтамасыз ету – мал өнімділігін арттыру болып табылады. Сиырлардың өнімділігін арттыру мен сүтінің сапасын жақсартуға қол жеткізе білу қажет. Мүйізді ірі қара төлін интенсивті өсіру мен бордақылау жолымен сиыр етін өндіру мүмкіндіктерін кеңінен қолдану үшін бордақылау уақытын қысқарту қажет. Әрбір бас малдан алынатын өнім көлемін арттыруға қол жеткізу, мал шаруашылығының мұқтажын дәрілік заттар жасау арқылы көлемін кеңейту, мал дәрігерлік қызметін жақсарту қажет. Қойылған осындай міндеттерді шешу үшін шаруашылықта бірқатар шараларды жүзеге асыру қажет.

Қысқа мерзім ішінде жоғары өнімді сиырларды интенсивті өсіруде табында алғаш төлдейтін мал басы саны 30-35 %-дан кем болмауы қажет. Ал шаруашылықтарда сиырлар гинекологиялық аурулармен ауырған жағдайда бұл көрсеткіш деңгейі 8-10 %-ға дейін кемиді. Көпшілік жағдайда жоғары өнімді сиырларда жыныс органдарының патологиясын емдемеу салдарынан жарамсыздыққа шығарылады. Мұның өзі табында мал басы санының азаюына, өнімділіктің төмендеуіне әкеп соқтырады. Ал осы аталған гинекологиялық аурулармен ауырған малдарды уақтылы емдемеу шаруашылықтың экономикалық тұрғыдан шығынға ұшырауына әкеледі [1].

Туу актісі – жатырдан өмір сүруге қабілетті төлді шығарып алу болып табылады. Қалыпты жағайда төлдің дүниге келуі шудың бөлінуімен аяқталады. Малдың шуы немесе төлдің енесінің құрсағында даму кезіндегі оның сыртынан қаптап тұратын қабықтардың бөліну мерзімі жануар түріне қарай түрліше болып келеді. Егер төл қабы, атап айтқанда хорион жатырдың ішкі кілегей қабығынан ажырап, төлдеуден кейін сиырда – 6-8 сағат, биеде – 35 минут, саулық пен ешкіде – 2-3 сағат, мегежін, ит, мысық, үй қояндарында – 3 сағаттан соң шу жолдары арқылы қуылып шығарылмаса, онда бұл туу актісінің үшіншілік патологиясы ретінде

шу түсуі кешеуілдеуі болып табылады. Шудың дер кезінде түспеуі аналық малдың жыныстық жүйесінде патологиялық үрдістердің басталуына себепші болады [2].

Шу түсуінің кешеуілдеуі кезіндегі ең негізгі себептердің бірі ретінде іштегі төлге анасының қаны арқылы улану процестерінің жүзеге асуы негізінде туындайтындығын көрсетеді. Яғни анасының қаны арқылы төлге өткен улы қан жатыр аймағындағы бүрлердің ұлғаюына әкеліп, сол қуыстың тарылуын тудырады.

Сиыр мен іштегі төлдің генотипі туу актісіне және туғаннан кейінгі өтетін кезеңдерге де әсер етеді. Іштегі дамып келе жатқан ұрық кортизолға әсер етіп, плацентадағы гормондардың, яғни эстроген мен прогестеронның синтезіне қатысады. Егер аталған үрдіс дұрыс жүзеге аспаса, онда туғаннан кейінгі үшіншілік патологияның, шу түсуінің кешеуілдеуіне әкеледі.

Сонымен қатар, сиырларды ұрықтандыру кезінде алдын ала акушерлік-гинекологиялық ауруларға тексерілмесе немесе жасырын эндометрит пайда болса мұның өзі аталған патологияның туындауына себепші болады. Көпшілік жағдайда шу түсуінің кешеуілдеуіне жұқпалы аурулар – бруцеллез, кампилобактериоз, трихомоноз, токсоплазмоз және т.б аурулар әсерінен туындайды.

Шу түсуінің кешеуілдеуі туу кезіндегі асқынудың үшінші сатысын білдіреді жеп көрсетеді. Ол, егер сиыр шуы – 8 сағатқа, саулық пен ешкі шуы – 5 сағатқа, мегежін – 3 сағатқа, бие – 0,5 сағатқа дейін түсіп үлгермесе шу түсуі тоқталған болып есептеледі дейді [3].

Сиырларда шу түспеуі кезінде жалпы күйі алғашқы тәуліктерде толық қанағаттанарлық күйінде қалады. Одан әрі шу ыдырауының өнімдері мен организмнің жалпы улану белгілері пайда болады: дене температурасының жоғарылауы, депрессия, қарыншалар гипотониясы, профуздық тышқақтық, сауымының күрт төмендеуі. Шудың сыртқа шығып тұрған бөлігі сазды сұр түсті және жағымсыз иісті келеді. Егер шу жатырда қалса, 5-6 тәулікте мал қауіпті болады: күйіс қайырауы төмендейді, мес қарын жиырылуы азаяды, сүт секрециясының кенеттен шектелуі байқалады, дене температурасы жоғарылайды, 41-41,4 °C-қа жетеді. Несеп жыныс жолдарынан өте жағымсыз иісті, қою-қоңыр түсті сұйықтық бөлінеді. Одан әрі жануар сепсис немесе перитониттен өлімге ұшырайды.

Шудың жатырда қалып қою себебінен жатыр тонусының төмен болуымен, шудың шағын және созылғыш болуынан хорион бүрлерінен ажырамауымен түсіндіреді. Кейде шу түспеуінің кешеуілдеуі, құрсақтағы төлдің өлімге ұшырауы мен іш тасталуымен болатын аурулардан кейін байқалуы мүмкін. Екінші жағынан шу түспеуінің кешеуілдеуі жатыр мен құрсақтағы төлдің тамырлы қабығындағы созылмалы қабынулық үрдістері кезінде де байқалады. Мұндай жағдайда катилидон, яғни хорион бүрлері мен жатыр катилидондары ісінеді. Соның салдарынан бүрлер катилидон қапшықтарына тез отырады да, хорион ісінген катилидонды тығыз қоршап алады, кейде қысылып қалады. Мұндай жағдайда қалыпты жиырылған жатыр катилидонды толық анемияға ұшырата алмайды, сондықтан хорион бүрлерінде қан болмайды. Ұзаққа созылған үрдістің нәтижесінде катилидон бүрлері жатыр катилидондарымен бірдей жиырылады. Осының барлығы шу түспеуінің кешеуілдеуіне әкеліп соқтырады [4].

Профессор Сегун А. С. (1955 ж), жылына 4-5 мың литрге дейін сүт беретін сиырлардағы зат алмасуының, атап айтқанда минералдық алмасудың бұзылуын білдіретін белгілер дамуын көрсетеді. Зат алмасудың бұзылуы, тәбетінің төмендеуі немесе шамадан тыс жоғарылауы, шу түсуінің кешеуілдеуі төлдеуден кейінгі толықсу түрінде білінеді. Сиырларда шу мен планцентаның зақымдануынан туындаған іш тастау, буаздықтың әр түрлі кезеңінде өзіне тән ерекшелікке ие болады, сонымен қатар аналық мал басының 20 %-нан астамында болуы мүмкін. Бруцеллез кезінде де плацентада аздаған ғана өзгерістер болады. Бірақ, бұл кезде іш тастау болмайды, туу дер кезінде және сыртынан қарағанда қалпынан ауытқу белгілері байқалмайды. Дегенмен, жатырда шу түсуінің бөгелген түрінде білінетін немесе метриттер белгілерімен болатын, нәтижесінде уақытша немесе өмірлік бедеулікке әкелетін патологиялық үрдістер пайда болады (Досковец М. Н., 1952).

Шу түсуінің кешеуілдеуінің себептері жөніндегі әдебиет мәліметтеріне шолуды қорытындылай келіп, ауруды екі түрлі себеп тудырады, біріншісі – толғақ кезіндегі туу жолдарының жеткілікті дәрежеде жиырылмауы мен туудан кейінгі жатыр тартылуының кешеуілдеуі, екіншісі – эндометрит немесе төлдің хорион қабығындағы патологиялық үрдістер салдарынан плацентаның төлдік бөлігінің аналық бөлігімен бітісіп кетуі деген тоқтамға келдік. Осылардан басқа буаз малдың серуендетілуінің жеткіліксіздігі, арықтау, май басу, рацион

құрамындағы минералды заттардың жетіспеуі, каротин мұқтаждығы, төлдің ірі болуы сияқты себепші факторларды да атап кеткен жөн [5].

Зерттеудің мақсаты: нақты жағдайдағы ауру себептерін анықтау, малдың бағып-күтілу жағдайын, азықтандырылу деңгейін, шаруашылықтың эпизоотологиялық жағдайын бағалау болды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу мен тәжірибе жұмыстары Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Базаршолан ауылдық округіне қарасты «Мақсат» ЖШС-де жүргізілді. Шаруашылыққа мүйізді ірі қара малдарындағы шу түспеуі анықталған малдар аз болуы себебінен, көршілес шаруашылықтың ауру малдары және елді-мекендердің жеке иеліктерінің ауру малдары да алынды. Тәжірибе жұмыстары жергілікті өсірілетін қазақтың ақбас сиыры мен қырдың қызыл сиыры тұқымындағы малдарына жататын 20 бас сиырларға жүргізілді. Сиырлар алдын ала 5 бастан, үш топқа бөлінді. Тәжірибелік бірінші топ малдарына – амнистрон биогендік стимуляторын 2 мл мөлшерінде тері астына ектік. Тәжірибелік екінші топ малдарына – окситоцинді 60 ЕД мөлшерінде бұлшық ет ішіне енгізілді. Бақылау тобы болып саналатын үшінші топ сиырларына – 2-3 литр мөлшерінде қағанақ суы берілді.

Алынған нәтижелер мен талдаулар. Тәжірибелік және бақылау топтарындағы әрбір аналық сиыр жеке-жеке күнделікті бақылауда ұсталынды.

Тәжірибелік бірінші топтағы сиырларда шудың бөлінуі 5-12 сағат аралығында болды. Малдың шуы өздігінен түсті, қосымша оперативтік тәсілдер қолданылған жоқ. Қынаптан жалқаяқ ағуы 10-12 күнде толық тоқтады. Төлдеуден кейінгі кезең 24-29 күнде аяқталды. Топтағы барлық сиырлар бірінші шағылысудан кейін ұрықтанды, яғни бұл топта бедеулік байқалмады.

Тәжірибелік екінші топтағы сиырлардың шу түспеуіне сезімталдық белгісі сырттай байқалған жоқ. Екі сиырда ғана толғақ белгілері тәрізді түйілулер байқалды. Дене температурасы, тамыр соғуы және тыныс алу көрсеткіштері физиологиялық қалыпта шамасынан асқан жоқ. Шудың түсуі орташа есеппен 7-12 сағатта құрады. Екі бас аналықта шу түсуінің тоқталуы байқалды. Оларда, төлдеуінен кейінгі 24 сағаттан соң шуын оперативтік жолмен бөліп алдық. Шуды қолмен түсіргеннен соң жатыр ішіне фуразолидонның таяқшаларын енгіздік. Топтағы сиырларда жалқаяқ бөлінуі 12-17 күнге созылды. Шу түспеуі болған екі бас аналықта бедеулік 22 күнді құрады.

Бақылау тобы болып саналатын үшінші топтағы сиырларда берілген қағанақ сұйықтығына қарсы реакция белгілері байқалған жоқ. Дене температурасы, тамыр соғуы және тыныс алу көрсеткіштері физиологиялық қалыпты деңгейде. Сондай-ақ, месқарын жиырылу деңгейі қалыптыдан ауытқыған жоқ. Топтағы 5 бас аналықтың үшеуінің шуы 3-12 сағат аралығында түсті. Екі бас аналықта шудың бөтелуі байқалды. Оны оперативтік жолмен, яғни, жатырға қол салу арқылы, оның ішкі қабырғаларына бекіген карункулаларын ағыту жолмен түсірдік. Топтың үш малында сервис кезеңі орта есеппен 22-31 күнді құраса, шу түспеуі болған екі аналықта бедеулік кезеңі қосымша 51-104 күнді құрады. Біреуінде ғана жатыр түйілуіне тән күйзелу белгілері байқалды. Шуды қолмен түсіруден кейінгі 1-2 тәулікте жатырдан едәуір мөлшерде қанды жалқаяқ бөлінуі байқалды. Ол 14-16 күннен соң ғана тоқталды.

Жатырдағы қабыну үрдістеріне қарсы фуразолидон таяқшаларының бесеуін жатыр мойны арқылы жатырға енгіздік. Сондай-ақ, жатыр тонусын күшейту үшін бұлшық ет ішіне 5 мл мөлшерінде синэстрол ектік. Күніне бір мезгіл тік шек арқылы 5-7 минут шамасында жатырға массаж жасадық.

Жүргізілген тәжірибе жұмыстарының нәтижелері 1-кестеде берілген.

1-Кесте – Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Базаршолан ауылдық округіне қарасты «Мақсат» ЖШС-дегі сиырлардың шу түспеуі кезіндегі емдік препараттардың тиімділігі

№	Мал топтары	Мал басы саны	Енгізілген препараттар	Енгізілу мөлшері	Препараттарды енгізу әдістері	Шудың бөлінген уақыты (сағат)	Препарат енгізуден кейін шуы түскен малдар	Емдеу тиімділігі көрсеткіші, %
1	Тәжірибелік	5	Амнистрон	2 мл	Тері астына	5-12	5	100
2	Тәжірибелік	5	Окситоцин	40 ӘБ	Бұлшық ет астына	7-12	3	60
3	Бақылау	5	Жалпы қабылданған	-	-	7-12	3	60

			емдеу әдісі (қағанақ суы)					
--	--	--	------------------------------	--	--	--	--	--

Қорытынды. Қазіргі экономикалық нарық жүйесіне көшкен кезде бой көтерген шаруа қожалықтары үшін тиімді жүйеде жұмыс жасау өте тиімді. Өйткені, өндірісін шығыны ғана құрайтын бұндай шаруашылықтар үшін, бір жыл шығынға ұшырап шығудың өзі қолайсыз әсерін беріп, азғана уақыттың ішінде толық құлдырауына әкеліп соғуы мүмкін.

Мал өсірумен айналысатын шаруашылықтар үшін тиімділікті қамтамасыз ету, малдың денсаулығын сақтай отырып, одан алынатын өнімді толық деңгейде ұстау арқылы ғана мүмкін болады.

Малдан алынатын төлдің кем болуынан келетін шығын түрлі аурулардан келетін шығын мөлшерінен бірнеше есе асып түседі. Малдан төлдің кем алынуына ең басты себеп, олардың жыныс мүшелеріндегі түрлі патологиялардан көбею қызметінің тежелуі десек, шу түсуінің кешеуілдеуі осыларға негіз болады. шу түсуінің кешеуілдеуіне малдың буаздық кезеңіндегі күтімі мен азықтандырылуындағы кемшіліктер себепші болады. Тәжірибе жүзінде қолданған амнистрон препаратының тиімділігі анықталды. Амнистрон препаратының емдеу тиімділігі 100 %-ды құрады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баранников, В. М. Лазотерапия илазопунктура при акушерско-гинекологических заболеваниях коров / В. М. Баранников, А. Н. Кудрина // Ветеринария. – 2002. – № 2. – С. 7-9.
2. Бальковой, А. Н. Монолазерная профилактика задержания последа у коров / А. Н. Бальковой, В. А. Вечматов // Ветеринария. – 2001. – № 11. – С. 11-12.
3. Гончаров, В. П. Профилактика и лечение гинекологических заболеваний с.-х. жив-х / В. П. Гончаров, В. А. Карпов. – М. : Колос. – 1991. – 33-34 с.
4. Голиков, А. Г. Профилактика задержания последа путем биостимуляции матки / А. Г. Голиков, Г. И. Горченко // Ветеринария. – 1992. – С. 13.
5. Полянцев, Н. И. Репродукции животных / Н. И. Полянцев, В. В. Подберезный. – М. : Изд. «Феникс». – 2001. – 63-67 с.